

Шарап материалын, сыра мен сыра сусынын қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен қайта таңбалаудың кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 300 қаулысы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 653-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылғы 1 қыркүйекке дейін 2015 жылғы 23 мамырдан бастап енгізілген есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау мүмкіндігімен, 2017 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде шарап материалын, сыра мен сыра сусынын қоспағанда, алкоголь өнімін 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген жаңа үлгідегі есепке алу-бақылау таңбаларымен қайта таңбалау жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалаудың (қайта таңбалаудың) кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 желтоқсандағы № 2041 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж . , № 5 7 , 4 9 7 - қ ұ ж а т) ;

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 желтоқсандағы № 2041 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1473 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 9, 1 2 3 - қ ұ ж а т) .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

К.Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң